



Президент Ақтау қаласын Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы мәртебесіне ие болуымен құттықтады

«Ақтау–Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы» жылының ашылу салтанаты өтті. Айтулы іс-шараға орай Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы құттықтау хатын жолдады.

Мемлекет басшысының құттықтауын ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева оқып берді.

Президент өзінің құттықтау хатында Ақтау қаласының Түркі әлемінің мәдени астанасы атануын еліміз үшін ғана емес, барлық бауырлас түркі мемлекеттері үшін маңызды оқиға ретінде атап өтті.

«Шежірелі Маңғыстау, қазыналы Үстірт аймағы тұтас түркі өркениетінің ажырамас бөлігі саналады. Киелі өлкеде ұлтымыздың, жалпы түркі дүниесінің сан ғасырлық рухани мұрасы сақталған. Тарихы тамырлас, дәстүрі сабақтас халықтардың ынтымақтастығын одан әрі нығайту баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы атаулы жылда бауырластығымызды бекемдей түсетін басқосулар ұйымдастырылып, маңызды шешімдер қабылданады деп сенемін. Түркі мемлекеттерінің ықпалдастығын арттыруға зор үлес қосып жүрген ТҮРКСОЙ ұйымына және осы іс-шараны ұйымдастырушыларға шынайы ризашылығымды білдіремін. Түбі бір түркі жұртының бірлігі нығая берсін!»— делін-

ген хатта.

Айта кетейік, салтанатты жиынға Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Түркіменстан, Венгрия елдерінен мәртебелі меймандар қатысты.

Қарт Каспий жағалауында өткен ауқымды іс-шараға аймақ тұрғындары мен Қазақстанның өзге өңірлерінен, шетелден келген қонақтарды қоса алғанда 30 мыңдай көрермен жиналды.

Салтанатты шараның басты нысандарының бірі— «Дархан дала» этноқалашығы. Бұл—қазақтың дәстүрін, киелі Маңғыстау мұрасын және түркі халықтарының тарихын кеңінен насихаттауға арналған бірегей мәдени кеңістік.

Еске сала кетейік, Әзербайжанда өткен ТҮРКСОЙ-ға мүше мемлекеттердің 40-сессиясында Ақтау қаласына Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы мәртебесін беру туралы шешім қабылданған болатын. Атаулы жыл көлемінде түркі мәдениетінің рухын терең сезінуге мүмкіндік беретін түрлі фестивальдер, концерттер, көрмелер мен театр қойылымдар жоспарланған.

Сондай-ақ, ТҮРКСОЙ аясындағы атаулы жылдар шеңберінде 2025 жыл Қазақстанның халық әртісі, ұлы композитор және дирижер Нұрғиса Тілендиев жылы деп жарияланды.



Президенттер екі ел арасындағы ынтымақтастықты пысықтады

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі жазды.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия—Еуропа Одағы» саммитіне ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын аймақ елдерінің Еуропа Одағымен диалогын ілгерілетуге ықпал ететініне сенім

білдірді.

Президенттер Алматыдағы бейресми кездесудің нәтижелі өткеніне назар аударды. Сондай-ақ оның қазақ-өзбек қатынастарына тағы бір пысықтап, бірлескен жұмыс бағыттарын айқындауға мүмкіндік бергеніне тоқталды.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша өзара тиімді серіктестік аясын кеңейту ниетін растады.

Аида Балаева Ақтау қаласында бірқатар екіжақты кездесулер өткізді



Ақтау қаласына Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы мәртебесін беру аясындағы ресми бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі халықаралық мәдени ұйымдар мен түркі елдерінің ведомстволары өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раевпен өткен әңгіме барысында Ақтаудың Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде таңдалуының символдық мәніне ерекше назар аударылды. Сұлтан Раев министрдің осы маңызды оқиғамен құттықтап, бұл мәртебенің маңызы тек Қазақстан үшін ғана емес,

бүкіл түркі елдері үшін аса жоғары екеніне тоқталды. Араптар түркі әлемі елдері арасындағы мәдени пен рухани мұра саласындағы диалогты тереңдетудің маңыздылығын атап өтті.

Түркі академиясының президенті Шахин Маджидоглы Мустафаевпен кездесу барысында ғылыми және тарихи-мәдени ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, түркі өркениеті үшін ерекше маңызға ие ежелгі Сарайшық қалашығының аумағында археологиялық және этнографиялық симпозиум ұйымдастыру мәселесі қарастырылды.

Венгрия үкіметінің комиссары Петер Хоппалмен өткен кездесуде Қазақстан

мен Венгрия арасындағы мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту мәселелері сөз болды. Атап айтқанда, мәдени іс-шараларға (фестивальдер, концерттер, көрмелер және білім беру бағдарламалары) шығармашылық ұжымдардың қатысуы мәселесі талқыланды. Сонымен қатар, екі ел музейлері арасында экспозициялармен алмасу және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру арқылы ынтымақтастық орнату жайы да назардан тыс қалған жоқ.

Қырғыз Республикасының Мәдениет, ақпарат және жастар саясаты министрі Мирбек Мамбеталиевпен өткен кездесу барысында тараптар екіжақты мәдени және ақпараттық ынтымақтастықты жандандыруға деген ниетін растады. Атап айтқанда, қырғызстандық әртістер мен мәдениет қайраткерлерінің халықаралық фестивальдерге, театр қойылымдары мен өзге де мәдени іс-шараларға қатысу жоспары нақты талқыланды. Кездесулер сенім мен өзара түсіністік рухында өтіп, түркі әлемінің бай мұрасын бірлесіп насихаттау, мәдени байланыстарды нығайту мен халықаралық серіктестікті дамыту жолындағы ортақ ұмтылыстың айқын көрінісіне айналды.

Жәнібек Әлімханұлы чемпиондық атағын қорғап қалды



Бүгін Астанадағы «Барыс Арена» мұз сарайында отандық және шетелдік бокс жұлдыздарының қатысуымен үлкен тарихи бокс кеші өтті.

Кештің басты бәсекесінде IBF және WBO тұжырымы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы (16-0, 11 KO) өз белбеуін Франциядан келген үміткер Анауэль Нгамиссинге арасында өтті.

Жәнібек Әлімханұлы 5 - раундта франция өкілін

техникалық нокаутпен жеңді.

Осылайша отандасымыз жеңіліп көрмеген Анауэль Нгамиссинге еншісіне жеңіліс тарихын жазды.

«Арена мен экран алдында тақым қысқан баршаңызға рақмет. Өз елімізде өткен соң жүк түсті. Бұл сіздердің жеңістеріңіз», деді Ж. Әлімханұлы.

Осылайша бүгін шаршы алаңға шыққан барлық боксшымыз жеңіске жетті.

«Созақ үні» - ақпарат.

Жақсының жақсылығын айт...

Созақ ауданының әкімі Мухит Тұрысбековтың Созақ ауылдық округі тұрғындарымен болған кездесуіне қатысты. Әкімнің ауыз толтырып айтарлықтай атқарған істері мен болашақ жоспарлары көп болғандықтан емін-еркін көсілді. Өзінің атқарған ісіне көңілі тоқ, ал тұрғындар болса дән риза. Мұндай керемет атмосфералық жағдайға соңғы 10-15 жылда алғаш рет күй болды. Жиында тұрғындар ризашылықтарын жаудырумен болды. Өзінен тумамай ұл болмас, сатып алмай құл болмас, дегені осы шығар. Мұхит Тұрысбековтың есімі қдай қаласа Созақтың тарихына алтын әріптермен жазылайын деп тұр. Еңбегі жанып, халықтың сүйіспеншілігіне бөлене берсін!

Кәмилжан РЫСМЕТОВ,
Газеттің штаттан тыс тілшісі.
Созақ ауылы.



ҚАРИЯЛАР БИЛЬЯРДТА БАҚ СЫНАСТЫ

Созақ ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында Ұлы Отан соғысындағы кеңес жауынгерлерінің Жеңісіне 80 жыл толуына орай аудан ардагерлері арасында бильярдтан турнир басталды.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ізгі тілегін арнап, жарысқа қатысушы ардагерлерге сәттілік тіледі. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов соғыс кезіндегі ата-бабаларымыздың ерлігін ұрпаққа жеткізіп, насихаттау қажет екенін айтып, жарыс ережелерімен таныстырып өтті.

Турнирге аудан аумағындағы

ауылдар мен елді мекендерден келген 50-ге жуық ардагерлер қатысуда. Жарысқа қатысушылар 63-70 жас аралығындағы ардагерлер 1-топ, 70 жастан асқан қариялар 2-ші топ болып өзара бақ сынасты. Қорытындыда 70 жасқа дейінгі қарттар қатарында 1-орынды Сәбиев Сансызбай, 2-орынды Нарынбек Мұсағали, 3-орынды Әбдіраев Ерайдар, 70 жастан асқандар арасында 1-орынды Ділдібекқызы Нұрәлі, 2-орынды Бегілдаев Мырзахан, 3-орынды Мыңбаев Айтжан иеленсе, «Ең қарт ойыншы» аталымын 88 жастағы Тұрлыбеков Кеңес атамиз, ал «Белсенді ойыншы» аталымына Нарымбетов Қаппар ақсақал ие болды.

АҚЫНЫН АРДАҚТАҒАН, ҚАРИЯСЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ

Созақ ауданы әкімі мен Созақ аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен ҚР Мәдениет қайраткері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ақын, жазушы, драматург Мыңжасар Асқаровтың 80 жасқа толуына орай «Төріскейдің темірқазығы» атты І-ші аудандық ақындар мұшайрасы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында өтті. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков салтанатты шараны құттықтау сөзімен ашып беріп, ақын ағамыздың иығына шапанын жауып, сый сипатын табыстады.

Қашанда ағасын ардақтаған, ақынын құрметтеген елміз. Мыңжасар ағамыз сан

дық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров, ардагер журналист Кәрібай Әмзеев, облыстың қала, аудандарынан ақын мерейтойына арнайы келген кәсіподақ ұйымының басшылары да игілікті құттықтау сөздерін мерейтой иесіне арнады.

Мұшайраның басты мақсаты өскелең ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына баулу арқылы ақындардың шығармашылығын шыңдау, рухани, мәдени құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізу және тәуелсіз елдің дарынды таланттарын анықтау болатын. Мұшайраға аудан көлемінде тұратын ақындар қатысу мүмкіндігіне ие болды. Қазы-



«БОЛАШАҚҚА МҮМКІНДІК-ЖАҢА ӨМІР» ТАҚЫРЫБЫНДА ФОРУМ ӨТТІ



Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында құқық қорғау органдарының ұйымдастыруымен ауданның барлық білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандардың қатысуында «Болашаққа мүмкіндік-жаңа өмір» тақырыбында форум өтті. Тағылымды шараның шымылдығы «Жаңа өмір» атты сахналық қойылыммен түрілді.

Аталған шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы сөз сөйлеп, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен жастар арасында құқықтық тәрбие беру жұмыстарының маңыздылығына айрықша тоқталып өтті.

«Бүгінгі күннің маңызды тақырыбы – біздің қоғамымызда заң мен тәртіпті нығайту мәселесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселеге ерекше мән беріп, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңның үстемдігі мен тәртіптің сақталуын басты талап ретінде атап өтті. Бұл біздің еліміздің тұрақтылығы мен дамуы үшін аса маңызды. Ауданымыздағы құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың да міндеті. Әрбір заң бұзушылық қоғамға зиянын тигізеді, ал оны болдырмау үшін біз бірігіп әрекет етуіміз керек. Қазіргі таңда ауданымызда құқық қорғау органдары мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысы күшейтілуде. Бұл бағытта алдын алу шаралары, қоғамдық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету, жастар арасында құқықтық тәрбие беру жұмыстары маңызды орын алады. Сонымен қатар, тұрғындармен тығыз байланыс орнату, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі», деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, ауданы прокурорының орынбасары Нұрсұлтан Талғатұлы құқықтық тәртіп жайында хабарлап, аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Мұратов қоғамдық тәртіптің жай-күйі және полиция жұмысы туралы баяндама жасады.

Шараға арнайы қатысқан «Күлкі базар» театрының басшысы, актер, режиссер Ғалымжан Қалыбаев, Филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Хакім Абай» ғылыми зерттеу орталығының директоры Жабал Шойынбет, дәстүрлі әнші, ұлағатты ұстаз Кенжебай Шал, ҚР «Дарын» сыйлығының иегері, патриоттық әндердің орындаушысы, эстрада жұлдызы Ибрагим Ескендір және елдің үмітін арқалап, мақтанышына айналған, жастарға үлгі-өнеге болып жүрген спортшы, ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып саны серпілтетін ой қозғап, қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне кеңінен тоқталды.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

жылдар мемлекеттік қызметте жүрсе де ақындық шығармашылығын тастамай, елдің ауызбіршілігі мен ынтымағын, туған жердің табиғаты мен қасиетін жырына қосқан, біздердей ұрпаққа үлгі, кейінгі ұрпаққа өнеге болған абзал азамат, деді аудан басшысы өзінің ақжарма тілегінде. Шығармашылық кешті Созақ ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Пардабек Сақтапбергеновты бастан аяқ салиқалы да салмақты сара сөздерімен, көпті көрген кемел болмысымен кең көлемде жүргізіп отырды.

Сонымен қатар, облыстық мәслихаттың депутаты Бегімбет Байғараев, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев сексеннің сөгіріне шыққан ақын ағаларын айтулы мерекемен құттықтап игі тілектерін білдірді. Әрине, сый-сияпаттарын тапсырып інілік ізгіліктерін білдірді.

Ақынның шығармашылығы жайлы Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Созақ шығармашылығы» бірлестігінің төрағасы, ақын Мақсат Қарғабай баяндады. Сахна төріне көтерілген ардагер алдыңғы буын ағаларымыз Досыбай Шерімқұлов, Сексенбай Тұрысбеков, Сағынтай Мұсабеков жылы лебіздерін білдіре отырып, ақынның әлі сиясы кеуіп үлгермеген «Бозқырау» атты жерге кітабының тұсауын кесті. Досыбай ағамыз өзімен бірге ала келген Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің арнайы құттықтау хатын көпшілік алдында оқып беріп, той иесіне табыстады. Ауданның құрметті азаматы Аманғали Аймұрзаев, сазгер Айтжан Нұрсейітов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, аудандық қоғам-

лар алқасының төрағасы Мақсат Қарғабай, мүшелері «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, аудандық мәдениет бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрғайша Балаубекова шама шарқынша ақындардың еңбектеріне әділ бағасын беруге тырысты. Осылайша ақынның атымен алғаш рет өткізіп отырған дәстүрлі мұшайра ауданымыздың арқалы ақындары жыр додасында өз бақтарын сынады. Мұшайрада бас жүлдені арқалы ақын қыз Гүлнар Өмірбек иеленсе, бірінші орынды созақтық талантты ару Үмида Жүсіпбек, екінші орынды қарт ақын Тілеубек Ыбырайымұлы, үшінші орынды талай бәйгеде топ жарып жүрген жас талант, ақын қарындасмыз Нәзира Оңғар иеленді. Сонымен қатар, бәйгеде ынталандыру жүлделері Құлыншақ Кемелұлы атындағы сыйлықты қаратаулық Әбдісәліан Мырзақерім, Сәуірбек Бақбергенов атындағы сыйлықты бабатарлық ақын жігіт Құрамыс Түзелбек, Мыңжасар Асқаров атындағы сыйлықты аққолтықтық, ақынның жерлесі Нұрлыбек Қошқарбеков иеленді. Түс әлетінде аудан орталығындағы мейрамханада мерекелік дастархан басында жалғасты. Әрине, кеш соңында ақын Мыңжасар Асқарұлы аталмыш мерекелік шараны ұйымдастырған шараға белсенді қатысқан барша азаматтар мен қонақтарға өз ризашылығын білдірді.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары ән мен күйден шашу шашты. Созақ елінде осындай ақмаржан сандығы ашылған, шадыман шашуы шашылған керемет той өтті.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Қандай жобалар қолға алынады?



Елімізде биылғы жыл "Жұмысшы мамандықтар жылы" деп жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған. Елімізде жұмысшы мамандықтарға қатысты қандай жобалар жүзеге асырылатынына шолу жасап көрген едік.

Еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру биылғы алға қойылған жоспарлардың бірі. Біз тұратын Созақ ауданы нағыз жұмысшы мамандықтарының көптеп шоғырланған жері. Мына шеті өндіріс ошақтары, мына шеті мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, жалпы аудан жұртшылығы қара еңбекпен күн кешкен еңбекқор тұрғындар. Бізде соңғы он жылда тұрғын үйлер қатар көбейді. Жұрт жаппай баспана салуға көшті. Біршамасы сырттан келген жалдамалы құрлысшыларды пайдаланса, басым бөлігі өздері салып алуға тырысты. Сондай-ақ мал шаруашылығын дамытуды да ұмытпады. Қазіргі таңда жеке секторда мал басы баршылық. Осы шопан, егінші, дихан, мұрап, өндірістердегі оператор, бұрғылаушы, шебер, дәнекерлеуші сияқты мамандар жетіспейді десе де болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда Ұлттық кәсіби классификаторда (ҰКК) 1274 мамандықтар тобы және 12 185 мамандық пен қызмет түрлері бар. Ең көп жұмысшы мамандықтары 5-9 негізгі топтарда шоғырланған, олардың саны шамамен 6677 атауды құрайды.

5-топ "Қызмет көрсету және сауда саласының қызметкерлері" 279 мамандықты, 6-топ "Шаруа қожалықтарының және ауылшаруашылығы, орманшаруашылығы, балықшаруашылығы мен балық аулау жұмысшылары" 174 мамандықты, 7-топ "Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да салалардағы жұмысшылар" 2327 мамандықты, 8-топ "Өндірістік жабдық операторлары, жинақтаушылар жә-

не жүргізушілер" 3385 мамандықты қамтиды.

Жұмысшы мамандықтары сатына кімдер жатады?

Ұлттық статистика бюросының дерегінше былтыр елімізде еңбекке қабылетті адам саны шамамен 9,6 млн адамды құраған. Соның ішінде 2 миллионға 300 мың бүгінде жұмысшы мамандығы бойынша жұмыс істейді екен.

Көлік және байланыс саласы: жүк көліктерінің жүргізушілері, автобус жүргізушілері, такси жүргізушілері, электровоз жүргізушілері, т.б.

Құрылыс және өндіріс саласы: құрылысшылар (монтаждаушылар, шеберлер, тасқалаушылар), дәнекерлеушілер, слесарлар, электриктер, жабдық операторлары, құрылыс бригадирлер, штукатурлар. Қызмет көрсету саласы: сантехниктер, трубопроводшылар, қонақ үй қызметкерлері, кондитерлер, аспаздар, үй шаруашылығы қызметкерлері.

Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы: тракторшылар, шаруа қожалықтарының жұмысшылар, жер өңдеушілер, малшылар. Өнеркәсіп және тау-кен саласы: кеншілер, теміршілер, металл өңдеушілер, шахталар мен кен орындарының жұмысшылары. Балық шаруашылығы мен су транспорты: балық аулаушылар, су транспортының жұмысшылары.

Энергетика және коммуналдық қызметтер: электр монтаждаушылар, жылу жүйелерін жөндеушілері, газ және су жүйелері жөндеушілері, электр қуатын өндірушілер мен тарату қызметкерлері, су және жылу энергетикасының оператор мен жұмыс істейтін қызметкерлері.

Өндіріс және механика: автокөлік жөндеушілері (автослесарлар, автомобиль механиктері), құралдар мен станоктар операторлары, машинистер, металлургия және химиялық өндірістің жұмысшылары, машина жасау шеберлері.

Тамақ өнеркәсібі және аграрлық сала: ет, сүт, ұн өндірісінің жұмысшылары, кондитерлер, өсімдік өсірушілер, мал дәрігерлері.

Сауда қызметкерлері: сатушылар, кассирлер, дүкен қызметкерлері, курьерлер жатады.

Қандай жобалар мен іс-шаралар қолға алынады?

Жаңа ипотекалық бағдарлама іске

қосылады

Өткен Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтауды тапсырған болатын.

Өнеркәсіп, Энергетика, Көлік, Ауылшаруашылығы, Су ресурстары министрліктеріне кәсіпорындармен, әкімдіктермен және Отбасы банкімен бірлесіп, жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтауды тапсырамын, деген Олжас Бектенов Жұмысшы мамандықтарға қатысты кадр дайындау мәселесін де тілге тиек етті.

Экономиканың басты өндірістік қуаты-кәсібин жетік меңгерген жұмысшы мамандар. Қазіргі жұмысшылар жоғары технологиялық жабдықтармен, автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істейді. Бұл біліктілікті арттырып, интеллектуалдық әлеуетті және цифрлық сауаттылықты, жеке құзыреттілікті үздіксіз дамытып отыруды талап етеді. Бізге мыңдаған білікті жұмысшы қажет. Сонымен қатар жыл сайын жаңа мамандықтар пайда болады. Сондықтан болашақтағы дағдылар мен құзыреттерді болжау үшін әкімдіктердің барлығы кәсіптердің өңірлік атласын жасауы қажет. Әзірге тек 9 өңірде осындай құжаттар бар, - деді ол.

2025 жылы жұмысшы мамандықтарға қатысты кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру жұмыстары да жалғасады.

Техникалық және кәсіби білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық күшейтіледі.

Жастарға еңбек нарығының сұранысына сәйкес мамандықтарды меңгеруге мүмкіндік беру мақсатында оқуорындарында жаңа бағыттар мен мамандықтар енгізіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялауға арналған 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды.

Еліміздің барлық, яғни 20 өңірінде жұмысшы мамандықтар беделін және кадрлар даярлау сапасын арттыруға, жұмыс берушілер мен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған жоспарлар бекітілді. Сондай-ақ, негізгі мемлекеттік органдар, яғни 13

министрлік жаңа кәсіпорындар құру, сапалы жұмыс орындарын ашу, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру, кадрлар даярлауда колледждер мен бірлескен жұмысты жолға қою бойынша кешенді шаралар көзделген "Жұмысшы мамандықтары жылын" өткізу жөніндегі салалық жоспарларын әзірледі.

Іс-шаралар жоспарында өңірлік ерекшеліктер ескеріле отырып жасалған Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды дайындау, жұмысшы орындарын құру, жұмысшы мамандардың құқықтарын қорғау және мәртебесін көтеру қамтылған. Кәсіпорындармен бірлесіп ел мектептерінде 1000 бейінді сынып ашылады.

"Жұмысшы мамандықтары жылын" өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 7 бағытты қамтитын 70 тармақтан тұрады.

Іс шаралар жоспарында:

Жаңа мамандықтар Атласын дайындау;

Кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын іске асыру;

Техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау;

Кәсіби білікті кадрлар даярлау;

Сапалы жұмыс орындарын құру;

Жұмысшы кадрлардың құқықтарын қорғау;

Жұмысшы мамандықтарының имиджін ілгерілету бойынша шаралар қарастырылған.

Тағы бір жаңа ауқымды жобалардың Ақтау қаласында Түркі тілдес елдер арасында Turkiskills-2025 алғашқы кәсіп қой шеберлік чемпионаттары өтеді.

Аймақтардағы кадрға қажеттілік ескеріле отырып, барлық өңірлерде "Жаңа кәсіптер атласы" әзірленеді. Кәсіптік бағдар берудің жаңа тәсілдері оқушыларға еңбек нарығындағы жаңа талаптар туралы білуге, экономиканың нақты секторларындағы мансап перспективаларын бағалауға және мамандықтарды дұрыс таңдауға мүмкіндік береді, - деді Оқу ағарту министрі Фани Бейсембаев.

"Жасмаман" жобасы аясында 180 мемлекеттік колледж заманауи оқу құралдарымен жабдықталады. Қазіргі таңда 270 мемлекеттік колледждің материалдық-техникалық базасын жаңартуға қажеттілік бар. Бұл білім ұйымдары оқу процесінде моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты пайдаланады.

Жұмысшы мамандықтар жылында Ұлттық құзыреттер орталығы құрылады. Бұл орталық-кәсіби құзыреттерді, жаңа технологиялық шешімдерді, заманауи кәсіби дағдыларды әзірлеп өндіріске енгізуге ықпал етеді. Сонымен қатар, Ұлттық құзыреттер орталығы базасында жыл бойы халықаралық чемпионаттарға арналған оқу-жаттығу лагерлері, республикалық чемпионат, педагогтерге арналған салалық курстар өткізілетін болады.

Қандай марапаттар беріледі?

Жұмысшы мамандықтары жылындағы тағы бір жаңалық еңбек адамына көрсетілетін марапаттар болмақ. "Еңбек сіңірген құрылысшы", "Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері", "Еңбек сіңірген геолог", "Еңбек сіңірген кенші" сияқты наградалар мен марапатталады. Қай кезде болмасын адал еңбектің жемісі болады. Ендеше тек биылғы мамандықтар жылы ғана емес. Басқа да жылдары еңбек мамандықтарына деген құрмет толастамаса деген ниетіміз бар.

Материалдарды әзірлеген: Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Майдангер жауынгер 100 жасқа аяқ басты




Жылысбаев Мырзахмет 1926 жылы (бұрынғы Молотов ауылдық советі) Сызған ауыл әкімшілігінде дүниеге келген. Әкесінен бір жасында жетім қалып, жас кезінде Со-зақтағы жетім балалар үйінде бір жылдай тәрбиеленіп, кейін шешесінің жұмыс қабілеттілігінің, әкесінің туысқаны, ақ пейілді адал азамат Төреханов Тұрсынның көмектесуімен өсіп, ер жетеді. 1942 жылы Сызған ауылындағы 7 жылдық мектепті үздік бітіреді. Соғыс кезінде ер адамдар майданға кетіп, әйелдер бала-шаға, қарттар қалған болатын. Өзінің естелік жазбасында жазғанындай күндіз қос өгізбен, жер ағашпен егіс егіп, оны қолмен ордық, кейін егіске қарауыл (охран), бригадирге учетчик (табелщик) болып, түнде колхоздағы сауатсыз және шала сауатты ересек кісілерді оқытады. 1943 жылы Қозмолдақ бастауыш мектебін ашып, мектеп үйі болмағандықтан Нұрадилов, Бөлетовтің киіз үйінде, қырда жұмыс басында, қыста өз үйінде бала оқытып мұғалім болады. 1944 жылы қараша айында армия қатарына алынып 2 айдың көлемінде Чкалов қаласының маңында соғысқа дайындалып, қаңтар айының орта кезінде 1945 жылы 92 мотоатқыштар полкында, Белоруссия майданында генерал-полковник Батовтың армиясында жаумен арпалысып, соғысты жеңіспен аяқтайды. Соғыс біткеннен кейін армияда толықтыру, қысқарту басталып оларды айдауыл әскер

ретінде МВД-ға қосты. Ротаның батальонның саяси жұмыс жөніндегі орынбасарының аға писарь (іс жүргізуші) Батальон командирінің аға көмекшісі, кейін штабтың құпия бөлімінде іс жүргізуші болып жеңіспен 1950 жылы елге оралады. 1950-52 жылдары Созақ селосындағы Ленин атындағы орта мектепте әскери жетекші кейін 5-7 сыныптарға биология пәнінен мұғалім болып, жоғары білім алу арманы болып үнемі іздену, білімді көтеру арқасында 1952 жылы Шолаққорған орта мектебіне 10 сыныпта «экстренно» емтихан тапсырып аттестат алады.

1953 жылы 27 жасында көптеген қиыншылықтармен Алматы қаласындағы КазПИ-дің химия-биология факультетіне оқуға түсіп (күндізгі) 31 жасында 1957 жылы ойдағыдай бітіріп, Шолаққорған орта мектебіне жолдамамен келіп, химия-биология пәнінің мұғалімі болады.

Жасының ересектігі бұрын жұмыс істеген тәжірибесінің арқасында келе мектептің қоғамдық және мектепшілік жұмыстарына белсене араласып мектеп басшыларының сенімін ақтайды. Қандай жұмыс болмасын адал, абыроймен атқарады. 1960-1962 жылдары арасында қазіргі Алтынсарин атындағы орта мектепте мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары болып, жаңадан салынған мектептің фундаментінен бастап оқу-көрнекті құрал, мектеп базасын жасауға барынша еңбек етіп, мектеп құрылысы біткеннен кейін қабылдау комиссиясының бір мүшесі болып қабылданады.

1962-69 жылдар аралығында Сызған ауылы қазіргі Ф.Мұратбаев атындағы мектептің директоры болып колхоздың ескі конторын мектеп етіп, 7 жылдық мектепті 8 жылдық, 9 жылдық, кейін орта мектеп дәрежесіне жеткізеді. Жаңадан шаруашылықтың есебінен мектеп салдырып материалдық базасын жасайды. Одан 40 балалық интернат, оқу шеберханасын салып жабдықтап, оқу-



көрнекі құралдарымен толықтырады. 1969-70 жылдары аралығында Қайнар елді мекеніндегі А.С.Макаренко мектебіне директор болады.

1976-86 жылдары Сызған елді мекеніндегі Қ.Рүстемов мектебін совхоздың тұрғын үй есебінен мектеп үйін салып, 8 жылдықтан орта мектепке айналдырады. 1986 жылы маусым айында 48 жыл мұғалім, оның ішінде 2 жыл оқу ісінің меңгерушісі, 24 жыл үздіксіз мектеп директоры болып құрметті демалысқа шығады. Негізгі жұмысымен бірге совхоздың саяси-көпшілік жұмыстарына да белсене араласады. Совхоз партия ұйым хатшысының орынбасары, халықтық бақылау комитетінің төрағасы, ауылдық советтің 3 дүркін (1956, 1969, 1971 жылдары) депутаты болып сайланады. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі бағаланып «ҰОС-ның 2 дәрежелі» орденімен наградталды.

Соғыстағы және еңбектегі ерлігі үшін төмендегідей марапаттарға ие болады.

-Облыстық партия комитеті идеология бөлімінің, оқу бөлімімен профсоюз ұйымының, аудандық оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қазақ ССР оқу ісінің озаты (1962), Социалистік жарыстың жеңімпазы (1973)

Армияда жауапты қызмет атқарып 24 рет алғыс 2 рет қысқа мерзімді демалыс алған үздік жауынгер. Ұлы Отан соғысында «Германияны жеңгені үшін 1941-1945жж», Совет Армиясына 30,50,70 жыл», «Ұлы Жеңіске 30,50,60,70 жыл», «В.Лениннің 100 жылдығы», «Жуковтың 100 жылдығы», «Украинаны азат еткеніне 60 жыл» медалдарымен және Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың алғыс хаты мен ақшалай сыйлықпен марапатталады. (1995, 2005, 2010, 2015жыл) Білім және ғылым министрі Ж.Түймебаевтың алғыс хаты, «Астананың 10 жылдығы», «ОҚО еңбек сіңірген» медалінің иегері. Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына байланысты Астанада өткен Жеңіс парадының құрметті қонағы болады.

Президент Н.Назарбаевтың, ҚР Қорғаныс министрі И.Тасмағанбетовтің қабылдауында болып ақшалай және ескерткіш бұйымдармен марапатталады.

-«Ұстаз жолы қоғамдық» бірлестігінің үлгілі қызметі үшін «Ел азаматы» медалінің иегері. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың бір миллион сом ақшалай және Алғыс хатын иеленген ардақты абыройлы қария. Жұбайы Саденова Мария 1939 жылы туылған. 13 бала туып тәрбиеленген көп балалы ана. «Алтын алқа» иегері. Зейнеткер. Екеуінен 45 немере, 19 шөбере сүйіп отырған бақытты отбасылардың бірі. Балалары, ұл-қыздары әрқайсысы жеке-жеке үйлі-баранды. Әр салада абыроймен жұмыс атқарып жатыр.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Менің әкем де майдангер

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 80 жыл. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге жеңіс жалауын желбіретіп аман сау келген ардагерлеріміз қаншама. Соғыс зардабын, қайғы-қасіретін, жан-жарасын ешкім ұмыта алмас.

Осы тұста менің әкем де Қиыр Шығыста соғысқа қатысып, 7 жыл дегенде жеңіспен аман есен елге оралған.

Менің әкем Сапаров Сындар Сапарұлы 1919 жылы Мақтарал ауданы, қазіргі Нұрлыбаев ауылында дүниеге келген. Жастық шағының бәрі ашаршылық жылдарына тап келеді. Содан 1938 жылы әскер қатарына алынады. Екі ай оқу жаттығудан кейін Моңғолияға әскери борышын өтеуге жіберіледі. Саяси жағдай өте күрделі болды, Жапония әне міне соғыс ашады деген қауіп басым болды. Жапон әскерлері 1939 жылы 11 мамырда Моңғолия жеріне баса көктей кіріп, моңғол шекарашыларын шегіндіреді. Кеңес өкіметі моңғол жеріндегі өз әскерлеріне Моңғолияны қорғауға бұйрық береді. Осылай кеңес әскерлері моңғол әскерлерімен

бірігіп 29 мамырда жапон әскерлерін шекараға дейін қуады. 2 шілдеде жапон әскерлері (38 мың адам, 310 зеңбірек, 135 танк, 225 ұшақ), Моңғолия аумағына тағы баса көктеп кіреді. Жапон әскері кеңес-моңғол тобын (12,5 мың адам, 109 зеңбірек, 186 танк, 266 сауытты машина, 82 ұшақ) жойып жіберуді көздейді. Үш күн жойқын соғыстан кейін жапондар Халқын Гол өзенінің шығыс жағына шегінді. Тамызда жапонның 6-армиясы (75 мың адам, 500 зеңбірек, 182 танк, 300 ұшақтың қолдауымен) Халқын Голге түсіріледі. Бір топқа біріктірілген кеңес-моңғол әскерлері Г.К.Жуковтың басшылығымен 20 тамызда қарсы шабуылға шығады. (57 мың адам, 542 зеңбірек пен миномет, 498 танк, 385 сауытты машина мен 515 ұшақтың қолдауымен). Айдың аяғына жауды қоршауға алып талқандады. Әуедегі ұрыс 15 қыркүйекке дейін созылды. Жапонияның ұсынысы бойынша ұрыс 16 қыркүйекте тоқтатылады. Осы шайқастан кейін Жапония үкіметі КСРО мен Моңғолияға шабуыл жасаудан бас тартуға мәжбүр болды.



Халқын-Гол Шайқасындағы ерлігі үшін 24 әскери бөлім мен құрама «Ленин», «Қызыл Ту» ордендерімен, 17121 адам түрлі мемлекеттік орден, медальдармен марапатталады. Жетпіс адамға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Менің әкем де Халқын Гол шайқасындағы ерлігі үшін медальмен марапатталады.

«Жау жоқ деме, жар астында» дегендей одан әрі де шекара күзеті тыныш болмайды.

Қиыр Шығыстағы өз ықпалын күшейту үшін Кеңес үкіметі 1945 жылы 8 тамызда Жапонияға соғыс жариялайды. Германия тізе бүккеннен кейін көптеген әскер мен техника Қиыр Шығысқа жеткізіледі. Жапонияның құрлықтағы әскері күшті болды. Тоғызыншы тамызға қараған түні кеңес әскерлері 4 мың шақырымдық майданға шабуылға шықты. Соғысқа Моңғолия әскерлері де араласты. Алтыншы тамыз күні АҚШ ұшақтары Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастайды. Содан 19 тамызда жапондардың атақты Квантун армиясы толық талқандалды. Жапондар камикадзе диверсанттарын көптеп пайдаланады, өздерін танкке әскерилерге қарай лақтыру көп болады. Қиыр Шығыстағы соғыста кеңес әскерлері өте күшті қарсылықтарға тап болды. Себебі ұрыс алаңдарына жапондар мықты бекіністер салып тастаған екен. Әрбір бекіністі басып алған кезде оның ішінде ми-

на байлаған әйелдер де болған. Бекіністі басып алатын жағдайда өздерін өзі өлтіріп жіберіп отырған. Қандай қиындықтарға тап келгеніне қарамастан КСРО әскерлері толық басымдықпен жапон әскерін талқандады. 1945 жылдың 2 қыркүйегінде Жапония өзінің толық жеңілгендігі туралы актіге қол қояды.

Менің әкем 1938 жылдан 1945 жылдың күзіне дейін Отан алдындағы борышын жеңіспен аяқтап аман есен елге оралады.

Елге аман оралып қызу еңбекке араласып кетеді. Өзінен кейінгі інілері Сапаров Қайнар мен Сапаров Тасболат 1941 жылы соғысқа аттанады, бірақ елге оралмайды.

Сол әкеміз анамыз Айтолға үйленеді. Анамыздан Алша, Ұлдай, Түймебай, Серік, Айша есімді ұл-қыздарын өсіріп жетілдірді. Біз әкемізді әрқашан мақтан тұтамыз.

Соғыс және еңбек ардагері Сапаров Сындар әкеміздің жарқын бейнесі, өнегелі өмірі жүрек түкпірімізде мәңгілік сақтала береді.

Айша САПАРОВА,
педагог-зейнеткер.

ТЕРІСКЕЙ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ЖОЛДАРЫ

Күнді күн айды ай қуалап, жылмен жыл жарысып, тарих дөңгелегі тынымсыз алға тартып барады. Адамзат тарихында уақыт көлеңкесі жасыра алмайтын, алыстаған сайын биіктеп, жақындай түсетін өзекті оқиғалар болады. Сондай өшпес оқиғалардың бірі-халқымыздың 1941 жылғы 22 маусым күні басталып, 1418 күн мен түнге созылған қанқұйлы соғыста фашистік Германияны талғандағы Ұлы Жеңіс. Әрине бұл, Жеңіс бізге оңайшылықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысы жылдары ауданнан майданға 6000-нан астам адам аттанған екен. Сол сұрапыл соғыстағы қан майданда ата жаумен айқасқан жауынгерлер ауданымызда көптеп саналады. Әрине, соғыс көптеген жетімдерді, жесірлерді, мүгедектерді соңына қалдырып кетті. Ауданымызда соғыс қайғысы ізін қалдырмаған жанұя сирек кездестіреміз. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы біздің әділ ісіміздің салтанат құру ісіндегі ұрыстарда жеңісті жақындату жолында ауданымыздан аттанған 4800 адам өз өмірлерін қиды. Сол бір сындарлы жылдарда күн демей, түн демей, шілденің аптабы мен қаңтардың қаһарлы аязына қарамай «толарсақтан саз кешіп, белуардан су кешіп» бейнет еткен тыл жауынгерлері көптеп саналады. Созақтықтар тылдан майданға жәрдем ретінде соғыс техникасын жарақтауға сүделі үлес қосты. Жеңіс күнін жақындатуға Отанымыздың әрбір азаматы сияқты созақтық әрбір жанұя, әрбір жас пен кәрі өз үлесін қосып отырды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын алыстап, тарих шежіресіне айналып барады. Алайда, аудан әкімшілігі кешегі қанды балақ, адамзаттың қас жауы-фашизмге қарсы ерлікпен күрескен ерлерге құрмет көрсетуді күнделікті назарда ұстап келеді. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, олардың отбасыларына сый-сияпат жасалып, ері соғыстан қайтпаған жесірлерге де құрмет көрсетіледі. Жыл сайын «Белгісіз солдат» қабіріне гүл шоқтары қойылады. Жыл сайын соғыс ардагерлеріне құрмет те, көмек те, жеңілдік те лайықты жасалып келеді. Ұлы Жеңістің 51 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың есімдерін мәңгі есте қалдыруды ойластырды. Жағадан алған жауды талқандап, Жеңіс туын көтерген, сәулетті бейбітшіліктің дәйекті кепілі бола білген халықтың басына төнген ауыр күндерде елін, жерін қорғау үшін жауға қарсы тұрған созақтық ерлер жайлы «Теріскей түлектері жауынгерлік сапта» атты кітап жарыққа шықты. «Теріскей түлектері жауынгерлік сапта» кітабында негізінен жаумен айқасқан ардагер ағалар жайлы көп мәліметтерге қаныға аласыз. Сол кітапта есім алтын әріппен жазылған жауынгер Шайдазімов Әуезхан Шайдазімұлы Қарағұр ауылында 1923 жылы туылған. Әкесі Шайдазім екі ағайынды болған. Шайдазім, Шаймерден.

Шайдазімнен Әуезхан, Тоқбай туылған. Әуезханнан 4 ұл 7 қыз туылған. Тоқбайдан 3 ұл, 2 қыз бар. Бала кезінде жоқшылықты, ашаршылықты басынан өткерген атамыз Шайдазім аңшы кісі болған. Әулетті 5-6 отбасын аңшы етімен асырап колхоздастыру жылдарында «Халық жауы» деп Итжеккенге айдалып орыстың орманында қаза болған.

Туысқаны Сиябек деген кісі қасында болып елге келгенде басына қойған топырағын отбасына табыстаған екен.

Майдангер азамат 1942 жылы Ұлы



Отан соғысына шақырылып атты әскер дайындайтын полкте 3 ай дайындық курсынан өткен.

Украин жерін азат ету үшін шайқаста үлкен снаряд жарылып топырақ астында көміліп қалады. Немістің иісшіл иттері үш күн өткенде тауып алып, заматта тұтқынға түседі. Снаряд жарықшағының кесірінен басынан контузия алады. Тұтқынға түскен кезінде әйгілі алашордашы Мұстафа Шоқай орта Азиядан тұтқынға түскен мұсылман азаматтарды Францияға ауыстыруға ықпал етіп, содан Әуезхан Францияның түрмесінде отырады.

Көкеміздің айтуы бойынша немістердің тұтқынында болғандарға қарағанда бізде ботқа беретін, қарнымыз тоқ болған дейді. Ұлы Отан соғысы аяқталған 1945 жылдан 1947 жылдар аралығында штрафной батальон құрамында Жапонияға қарсы соғыста алдыңғы шептегі ұрыстарға қатысады.

1947 жылы күзде елге оралып Қарағұр ауылында колхозда, совхозда түрлі салаларда қатардағы жұмысшы болып еңбек етеді. 1948 жылы жанұя құрады.

Жұбайы Асанқызы Үрбігүл апамыз екеуі Қалтөре, Әтіркүл, Злиха, Фатима, Қалипа, Ұлбосын, Дариға, Серік, Халима, Талғат, Бағдат атты ұл-қыздарды өмірге әкеледі.

1973 жылы «Тасты» совхозына көшіп, сол ауылда 1986 жылға дейін мал шаруашылығында шопан болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан.

Зейнетке шыққаннан кейін Шолақорған ауылында тұрған. 1988 жылы Ұлы Отан соғысының ардагері деген статусын дәлелдеп ардагер атанды.

2017 жылы Созақ ауданының Құрметті азаматы атанды.

Ұлы Отан соғысының 20, 30, 40, 50, 60 жылдығы» мерекелік медальдарымен, «Украинаны азат еткен үшін», «Ұлы Отан соғысының ардагері» т.б. медальдардың иегері. Атамыздың соңында 51 немересі, 123 шөбересі, 3 шөпшегі бар. Батыр жауынгер Шайдазімов Әуезхан 2018 жылы 95 жасында өмірден озды. Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмегені белгілі. Сондықтан да сөз соңында айтарым, жастарымыз арамызда жүрген ардагерлеріміздің көрген тауқыметінің бірде біреуін көрген жоқ. Лайым көрмесін. «Алғыспенен ел көгереді» демекші, ағалар алғысын ала отырып, ардагерлер ісін өнеге тұтып, сол кісілердей қиындыққа төзіп, ел мен жер үшін желдің өтінде жүру жас ұрпақтың абзал парызы, азаматтық борышы деп білеміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына да сексен жыл өтті. Бір абыз қарттың өмірі, жиырма жылы кем бір ғасырдың аумағы. Қанша жылдар өтсе де әлі ескі жараның орны жазылар емес. Қан майданға аттанғаны қаншама? Қан майданнан оралмағаны қаншама? Бүгінде көзі тірісі қалды ма? Сол соғыстың зардабын көрген ақ жаулықты аналар, сол уақытта балғын балалық шағын жоғалтқан балалар бар. Бүгінгі күні сол уақыттағы бес-алты жасар балалар сексеннің бел ортасынан асып барады. Ұлы Отан соғысына Созақ ауданынан аттанған алты мың сарбаздың алғашқы легінің ішінде 19 жасар бозбала Едрейұлы Беркінше де кетті.

Едреев Беркінше 1922 жылы Созақ ауылында дүниеге келген. Тұрмыстық тауқыметін ерте көрген азаматтардың



Қан майданға бастан аяқ қатысқан

бірі. Сонау 1928 жылғы Созақ көтерілісі ол кісіге көптеген қиыншылықтар әкеледі. Себебі атасы Қарабала Созақ көтерілісіне қатысып, артынан қуғын мен сүргін көріп, бір түнде жарамды атымен қашып құтылған екен. Бірақ Көкшенің құмына қашып кіргеннен кейін оңаша қалғанында ойға батып: «Неге, оларды тастап, өз басымды қорғап қаштым? Тар жолда иық тірескен жолдастарымнан жаным артық емес!» деп қайта қайнаған оттың ортасына өзі қайта келеді. Ол қайта Созаққа келгенде әскерлер жан-жақтан қоршап алып, зеңбірекпен, пулеметпен оқ жаудырып жатқан үстінен түседі. Сол жерде Қарабала қыр басынан атқылаған зеңбіректің оғына кез болып, оққа ұшып қайтыс болады. Сүйегі Тастақсайда қалады. Тіпті оның сүйегін алып жерлеуге мүмкіндік болмай, жолдастары түн баласында барып алып, жерлейді. Үй ішін түгелімен алдыларына салып алып Дуанадағы лагерге әкеліп қамайды. Содан бұл кісінің балалары қуғын-сүргінге ұшырап, сонымен қатар 1930-1933 жылдардағы ашаршылыққа келіп, тірі қалып күн көру үшін, әкесі Едірей, шешесі Ұмсындық және Беркінше, қарындасы Ақшабақ, інісі Еркінше барлығы елден қашып Қаратаудың Жамантас асуымен Түркістан барып, одан әрі Ташкент пен Әндіжанға өтпек болған. Жолай кетіп бара жатып таудың ішінде әкесі Едірей қатты науқастанып қайтыс болады. Оған қарауға шамалары келмей қалған төртеуі Түркістанға жетеді. Сол Түркістанға жеткен кезде шешесі әкеміз Беркіншеден көз жазып қалады. Беркіншені айнала жүгіріп, ары-бері іздеп, таппаған соң, ол кісілер Ташкентке аман-есен жетіп, нағашыларының қолында тұрып күн көреді. Барған соң естерін жиып әкемді іздей бастайды. Әкем шешесінен ажырап қалғанда сегіз жаста екен. Түркістанда жетім балаларды жинап жүрген өкімет адамдарына кездесіп кездесіп қалып, олар Беркіншені Түркістандағы балалар үйіне өткізіп жіберген. Беркінше осы жерде әйгілі ұшқыш, батыр Құрал Рүстемовті алғаш көріп, онымен танысады. Кейін сол жерден Беркіншені бір топ балалармен бірге Түлкібастағы балалар үйіне ауыстырылған. Сол жерде сүйегі қатайып, соғысқа дейін Түлкібаста болып, сол жерде мектеп бітіріп, түрлі жұмыстар атқарады. Содан соғыс басталған 1941 жылы алғашқылардың бірі болып, 19 жасында соғысқа кеткен. Ленинград майданында пулеметші болған. 1944 жылы жараланып, елге қайтқан. Созақтан туысқандарын іздестіріп, алдын Әндіжан, кейіннен шешесін бауырларын Созақтан тауып алып, туыстарымен қауышып табысады. 1944 жылы Созаққа өз ауылына біржолата қайтып оралды. Еңбек жолдарын 1946 жылы Созақ ауданынан тұңғыш совхоздар құрыла бастаған, сол кезде ол кісі Жуантөбе совхозына барып есепші қызметін атқарған. 1950 жылдары Созақ ауылында МТС ашылып, бас есепшінің орынбасары,

кейіннен бас есепші болып, 1957 жылдары МТС-тер тарап колхоздар совхоздарға айналғанға дейін істеген. Созақ совхозы құрылғанда бас есепшінің орынбасары, 1958-1962 жылдары Созақ совхозында тұңғыш есепші болып жұмыс істеген. Созақ совхозының қалыптасуына, есеп жұмыстарын дұрыс жолға қоюға атсалысқан азаматтардың бірі. Бұны кейінгі жас буындар біле бермейді. 1962 жылы наурыз айында жаңадан Шу совхозы құрылып, соған бас есепші қызметіне ауысады. Содан 1966 жылға дейін жұмыс істеп, 1967-1969 жылдар аралығында Құмкент совхозында бас есепшінің орынбасары болып жұмыс істеген. 1969 жылы 22 қазанда 46 жасында өзі туылған жері Созақта ауыр науқастан қайтыс болады. Ардагердің ғибратты өмір жолын айшықтап жазып отырған себебіміз, Отан соғысына қатысушыларды еске алып қадірлеу, олардың еңбегін бағалау кейінгі ұрпақтың басты парызы деп білеміз. Олардың ерлікті жолдарын ешқашан естен шығаруға болмайды. Соғысқа барып, аман-есен келіп, жұмыс істеп елге қызмет жасаған көптеген соғыс ардагерлері ұмыт қалып жатады. Оның себебі, артында іздеушісі жоқ болуы мүмкін, не болмаса ұрпақтарының салғырттығынан деп ойлаймын. Міндетті түрде газетке жазып, әлеуметтік желіге жүктеу емес. Жеті нан таратып, иіс шығарып, рухына құран бағыштаса да болатын еді. Сондай ел жадынан шығып, ұмыт қалып бара жатқан майдангер аталарымыздың бірі Едреев Беркінше атамыз. Сексен жылдың көлемінде көптеген ауданымыздың тарихын паш ететін кітаптар, мақалалар, естеліктер жарық көріп жатты. Олардың ішінен таппадым.

«Ауданымызда соғыс ардагерлеріне арнап шығарылған кітаптың ішінен көрінбеді. Одан Шымкент қаласындағы Отан соғысына қатысқандардың тізімінде де көрінбеді. Бірақ мұның бәрін мен кеш біліп қалдым. Қозғау салып, едім екінші кітап шығарамыз, соған қосамыз,-деді. Тізімге қосымша тізім жасап ендірдік деп еді, бірақ ол тізімнен мен әкемнің есімін таппадым. Менің бұны жазып отырған себебім жақында Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейлі мерекесі атап өтілгелі жатыр екен. Осыған байланысты ауданның басты басылымына жарияланса деген оймен ол кісінің еңбектерін қысқаша болса да жолдап отырмын. Әкем көп сөйлемейтін тік мінезді жан еді. Сондықтан ол кісіден өмірін, соғыстағы ерліктері жайлы сұрамаған екенмін. Қолымызда да ешқандай құжаттар қалмаған. Сонымен қатар мынаны айтқым келеді, Едреев Беркіншенің 1941-1944 жылдары соғыста болған ерлік істерін, Созақ совхозының алғашқы есепшісі болып еңбек сіңіргенін, небәрі 46 жыл өмір сүріп, қысқа өмірінде аудан экономикасына сіңірген еңбектерін ел-жұрты, ауданы ескерсе деймін,-деді майдангердің ұлы, зейнеткер Едіреев Бақтияр көкеміз.

Жалғанның бір аты—өтірік. Ал «Өтіріктің қйырығы бір-ақ тұтам» дейді қазақ атам. Бүгінгі күні осындай өтіріктің бірі терроризмге қатыстыжалған ақпарат беру—жай бұзақылық емес, қоғамдық тәртіпке қол сұғатын қауіпті қылмыс. Әрбір жалған ақпарат немесе жәй мобильді байланыс арқылы жолданған жалған хабарлама бейбіт тұрғындар арасында үрей тудырып, маңызды орталық, мекемелер, кәсіпорындар жапа ше-

се) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау» жауапқа тартылып, оларға айыппұл салынады. Елімізде терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін 5000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не болмаса 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы көзделген (Қылмыстық кодекс-

ылаусыз пайдалануы, түрлі деструктивті топтардың ықпалына түсіп, өздерінің жеке деректерін, телефон нөмірлерін, электрондық жәшіктердің мекен-жайларын беріп қояды. Ал олар өз кезегінде балалардың атынан көрінеу жалған хабарламаларды жібере бастайды. Сондықтан кәмелет жасына толмаған балалардың ата-аналарына айтарымыз: баланың интернет желісінде болуын қадағалап, қандай сайттарға кіретінін және қандай ресурстарға қызығушылық танытатынын бақылауда ұстау қажет. Бұл қылмыс түрі үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Сонымен қатар сот шешімі негізінде шығындар мен осындай хабарламадан келтірілген барлық залал өтелуге жатады.

Бүгінгі таңда технологиялар даму үстіндегі дәуірде құқық қорғау органдарына бұл қылмыстың түрін ашуға барлық мүмкіндіктер жасалған. Осы күні жалған хабарламаларды анықтайтын қажетті техникалық құралдар, бағдарламалар жеткілікті. Сондай-ақ, керек болған жағдайда құқық қорғау органдары шетелдік арнайы органдарымен тығыз байланыста жұмыс жасауға дағдыланған. Айтқымыз келгені осы қылмыстың анықталуына барлық жағдай қарастырылған және жазасыз қалып жатқан жоқ.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелері зерттеу орталығы» КММ бөлім басшысы.

Жалған терроризм

геді. Көбінесе осындай жалған хабарламалар аэропорт, темір жол, білім беретін мекемелері сияқты нысаналарға бағытталып жататыны жасырын емес. Мұндай көрінеу жалған хабарламалардың әсерінен сол нысаналардың күнделікті жоспарлаған қызметтері шұғыл тоқтатылып, қаншама азаматтардың уақытын алып қоймай,материалдық шығынға батып жатады. Көбінесе қылмыс жасаған адамдар арасында кәмелетке толмағандар саны артқан. Егер мұндай қылмысты кәмелетке толмаған бала екені анықталса, залалды өтеу оның ата-анасына немесе заңды өкілдеріне жүктеледі. Олардың ата-аналарына «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 127-бабы бойынша «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (неме-

тің 273-бабы «Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау»)). ІІМ экстремизмге қарсы іс-қимыл департаментінің хабарлауынша:«Қазақстан территориясында 2022 жылы терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлар жасағаны үшін 12 кәмелетке толмаған ұсталды, олардың үшеуі бас бостандығын шектеуге байланысты нақты қылмыстық жазаға тартылды. 2023 жылы ішкі істер органдары жалған терроризм фактілері бойынша 118 қылмыстық іс тіркеді. 21 қылмыстық іс бойынша күдіктілер анықталып, оның 11 кәмелет жасына толмағандағы анықталып, олар түрлі қылмыстық жазаға тартылды, 2024 жылы жалған терроризмнің 30-дан астам фактісі тіркелді». Әрине бұған себеп балалардың интернет-ресурстарды бақ-

Ғаламтордағы түрлі радикалды көзқарастар

Әлеуметтік желі қазіргі таңда ақпарат пен коммуникацияның күшті құралы болып табылады. Бірақ осы ғаламтордың еркіндігі кейде радикалды идеологияның таралуына жол ашады. Интернеттегі экстремистік идеялар көбіне діни, саяси немесе әлеуметтік мәселелерді қозғайды және олар қоғамға айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Қазіргі таңда жастар мен ересек адамдардың басым көпшілігінің назары осы ғаламтордағы түрлі әлеуметтік желілерде екені баршамызға мәлім. Радикалды топтар осы сәтті өздерінің мақсаттары үшін пайдалануда. Әсіресе, жастарды қызықтыратын сапалы контент арқылы оларды өз қатарларына тартуға тырысады. Көптеген радикалды ұйымдар жалған ақпарат таратып, шындықты бұрмалауға тырысады. Бұл ақпараттар адамның эмоциясына әсер ететіндей жасалады, осылайша адамдардың санасын улап, оларды белгілі бір әрекеттерге итермелейді.

Радикалды топтар өздерінің көзқарастарын насихаттайтын бейнежазбалар, мақалалар мен блогтар арқылы кең аудиторияны қамтуға тырысады. Жасөспірімдер мен әлеуметтік осал топтар радикалды насихаттың ықпалына тез түсіп қалып жататыны белгілі. Бұл олардың өмірлік құндылықтарын бұрмалап, қоғамнан оқшаулануына әкелуі мүмкін. Сол топтардың арбауына түскен адам мемлекеттің зайырлы қағидаттарына, ұлттық салт-дәстүрді жоққа шығаруға, билік пен дәстүрлі дін өкілдеріне және қоғамға зиян келтіруі мүмкін. Радикализмді насихаттайтын контент көбіне

белгілі бір психологиялық және риторикалық тәсілдерге сүйенеді, қаралым санын арттыру үшін жасап жатқан контенттерін барынша заманауи стильде және сапалы етіп жасайды. Өздерінің ұстанымдарын ғана шындық деп санап, басқа да пікірлерді қате, бұрмаланған немесе зиянды деп көрсетеді. Ғаламтордағы радикалды идеологияның жақтастары плюрализмді, балама көзқарастарды қабылдамайды. Әлемді қарама-қайшылықтарға бөліп қарастырады, біз және олар, дұрыс және қате яғни ақиқат бізде басқалары адасқан деп көрсетеді. Мұндай контент адамдарды таңдау жасауға итермелейді, бейтарап көзқарастарды жоққа шығарады.

Радикалданудың алдын алу үшін ақпараттық сауаттылықты арттыру қажет. Адамдар дереккөздерді тексеріп, манипуляциялық контентті ажырата білуі тиіс. Отбасы мен мектеп жастарға дұрыс дүниетаным қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Діни және тарихи білімнің шынайы әрі дұрыс берілуі — экстремистік көзқарастармен күрестің тиімді жолы. Сонымен қатар, интернеттегі бақылауды күшейтіп, радикалды контентті анықтау және жою шараларын жүйелі түрде жүзеге асыру қажет.

Радикалдық көзқарастармен күресу жолдары:

1. Ақпараттық сауаттылықты арттыру адамдар, әсіресе жастар, ғаламтордағы ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауды үйренуі керек. Дереккөздерді тексеру, жалған ақпаратты анықтау дағдыларын дамыту маңызды.

2. Отбасы мен мектептің рөлі Ата-аналар мен мұғалімдер балаларға дұрыс дүниетаным қалыптастыруға көмектесуі қажет. Дін мен тарих туралы дұрыс білім беру — радикалданудың алдын алудың тиімді жолы.

3. Ғаламтордағы бақылауды күшейту Мемлекет пен қоғамдық ұйымдар радикалды контентті анықтап, оны таратпау үшін арнайы бағдарламалар мен шаралар ұйымдастыруы қажет.

4.Ашық диалог және ағартушылық жұмыс

Радикалды идеологиялардың таралуына қарсы тұру үшін қоғамда толеранттылық, бейбітшілік және сындарлы пікірталас мәдениетін дамыту керек.

Көптеген радикалды топтар жабық чаттарда, форумдарда немесе жасырын платформа-ларда әрекет етеді. Бұл олардың бақылаудан тыс қалуына мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған радикалды топтардың ғаламтордағы белгілерін, қауіпті ақпарат көздерін ерте анықтап, оның ықпалынан сақтана аламыз. Ғаламтордағы радикалды көзқарастар — бүгінгі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Оның алдын алу үшін адамдардың ақпараттық сауаттылығын арттырып, қоғамда дұрыс құндылықтарды насихаттау қажет. Дін мен мәдениетті дұрыс түсіндіру, жастарға қолдау көрсету және интернет кеңістігін қауіпсіз ету—баршамыздың ортақ міндетіміз.

Қ.МЫРЗАБАЙ,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Зайырлылық және руханият дәстүрлі танымның негізі

Зайырлы қоғамда мемлекет пен діннің арасындағы шекаралар айқын белгіленген, алайда бұл шекара руханияттың қоғамдағы рөліне кедергі келтірмейді. Руханият адам өмірінің негізгі мәнін іздеу, өзіндік дамуы және қоғамға пайда келтіру бағытында әрқашан маңызды болып қала береді. Бұл жағдай зайырлы қоғамда адамдардың жеке діни немесе рухани сенімдеріне қатысты еркіндіктерін шектемей, қоғамдағы тәртіп пен бейбітшілікті сақтауға мүмкіндік береді.

Зайырлылық пен руханияттың дәстүрлі таным негізінде өзара байланысы әлеуметтік құрылым мен мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Зайырлылық қоғамның бейбітшілігін қамтамасыз етсе, руханият адамның ішкі үйлесімділігін сақтап, жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді. Бұл екі ұғымды үйлесімді түрде біріктіру қоғамдағы тұрақтылық пен әділдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Зайырлылық және руханият дәстүрлі таным негізі дегенде, қоғамдағы дін мен мемлекеттің арақатынасын, сонымен қатар жеке тұлғаның рухани дамуындағы ұлттық және мәдени дәстүрлерді ескере отырып қалыптасқан таным жүйесін түсінуге қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының, 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, діннің мемлекет саясатына араласпайтынын білдіреді. Яғни зайырлылық — дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол — мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы.

Зайырлылық— бұл мемлекеттің діннен тәуелсіздігін, дін мен мемлекеттік басқарудың бөлінуін білдіреді. Зайырлы қоғамда дін мемлекеттік саясатқа араласпайды, алайда азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, оның ішінде діни сенімдері мен пікірлері, мемлекет тарапынан қорғалады.

Мұндай принцип қоғамдағы түрлі сенімдер мен көзқарастардың өзара құрметіне негізделеді. Ал руханият-адамның ішкі дүниесін, оның моральдық және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын рухани және мәдени дәстүрлердің жиынтығы. Руханият адамның өзін-өзі тануына, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінуге, тануына, жеке қасиеттерін дамытуына, адамгершілік және этикалық құндылықтарын сақтауға көмектеседі. Бұл екі ұғым өзара қарама-қайшы емес, керісінше, олар бір-бірін толықтырады. Қоғамдық келісім мен тыныштық, ішкі бейбітшілік пен сыртқы тәртіп. Зайырлы қоғамда әр адам өз дініне сенсе де, қоғамдағы өз орнын табады. Бұл адамдардың түрлі сенімдеріне құрмет көрсетуге мүмкіндік береді, ал руханият адамгершілік негіздерін сақтайды. Діндердің әлеуметтік ынтымақтастыққа қызмет етуіне жағдай жасай отырып, барлық азаматтарға тең мүмкіндік береді.

Мұсылмандар қасиетті деп санаған Құран Кәрімнің Бақара сүресінің 256-аятында: «Дінде зорлық жоқ»-деп, дәстүрлі діни танымның зайырлылық қағидаларымен ұштасатынын аңғаруға болады. Ислам дінінде зайырлылық бөтен бір ұғым емес деп айтсақ артық болмас.


Осылайша, бұл ұғымдар дәстүрлі танымның негізін қалыптастырып, қоғамның рухани және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Зайырлылық пен руханият арасындағы байланыс — бұл қоғамда барлық адамдардың бірдей құқықтар мен бостандықтарға ие болуын қамтамасыз ететін бейбіт әрі әділетті қоғам құру үшін қажетті үйлесім. Зайырлылық мемлекеттің қоғамның діни әртүрлілігіне бейтарап қатынасын қамтамасыз ете отырып, руханият адамзаттың ішкі дүниесін, этикалық және адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған жол ретінде көрінеді.

Бұл екі ұғым қоғамдағы адамдар арасындағы келісімді сақтауға, олардың рухани және материалдық қажеттіліктерін тең дәрежеде қанағаттандыруға бағытталған. Зайырлылық қоғамдағы барлық діндер мен сенімдерге тең қарауды талап етсе, руханият адамды ішкі жан дүниесіне, оның ізгілік пен адамгершілік құндылықтарына бағыттайды. Қорыта келгенде, зайырлылық пен руханият бір-бірін толықтыра отырып, қоғамның моральдық және рухани дамуына негіз болады. Рухани байлық бар жерде елдің бірлігі мен іргесі мығым бо-лары анық.

Е.ЕШТАЙ,
«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.

Жарқын бейнесі ел жадында қалады...

Созақ ауданының ардақты азаматы Алпамышов Жорабек 75 жасқа толуына бірнеше күн қалғанда жалған дүниеден ақиқи пәниге аттанды. Алпамышов Жорабек Созақ ауылында 1950 жылы 15 сәуірде туылған. Алматы мал дәрігерлік институтын зооинженер-зоотехник мамандығы бойынша бітірген. 1969-1970 жылдары Созақ совхозында жұмысшы болып істеген, 1971-1973 жылдары Қырғыз елінің Ош қаласында кеңес әскері қатарында болған, 1978-1980 жылдары Целиноград облысы, Астрахан ауданы, Степняк совхозында селекционер-зоотехник, 1980-1985 жылдары Сызған совхозында ферма меңгерушісі, 1986-1996 жылдары Жуантөбе совхозында бас зоотехник, 1996-1997 жылдары Созақ аудандық ауыл шаруашылық басқармасында бас зоотехник, 1997-2006 жылдары Тасты ауылының әкімі, 2006-2011 жылдары Созақ ауданы әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары, 2011-2013 жылдар аралығында Шолаққорған ауыл әкімінің орынбасары лауазымында абыройлы қызметтер жасаған, 2013 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста болды. 2003 жыл Облыс әкімінің алғыс хатымен, 2005 жылы Аудан әкімінің алғыс хатымен, облыстық кәсіподақтар комитетінің грамотасымен, облыстық кәсіподақ комитетінің «Еңбек озаты» медалімен марапатталған. Уақтысында Х/К ауылдық кеңесінің депутаты болды. Отбасында жұбайы екеуі құдайдың берген ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірген. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған енегелі отбасы иесі болатын. Шаруашылық саласында, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы ерен еңбектерін елі мен жұрты біледі. Оның өмірден өтуіне байланысты қайғылы қазаға орай отбасына, жақын туыстарына, ағайын-жекжаттарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Жорекеңнің еңбек сүйгіш жарқын бейнесі ел есінде, замандастары мен оны танитын ауылдастарының жадында ұзақ сақталатын болатын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!



Мұхит Тұрысбеков
Ордабек Жамиев
Қалдыбек Оразов
Серік Маманов
Алтын Ешанқұлова
Абдурахман Бакиров
Қабылбек Еспенбетов
Мұрат Сапаров
Манас Тілеулинов

Жорабеков Алпамыш ағамыздың 9 сәуір қонақ асы, 10 сәуір күні жеті күндік асы Шолаққорған ауылы Ерман Ембергенов көшесіндегі №19, өз үйінде өтеді.

Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың сәуір айының 18 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Жарамсыз деп танылсын

«Казатомпром Сауран» Рудник Центральный Мойинкум» иелігіндегі «Нефаз 8332» маркалы жүк тиегіштің техникалық төлқұжаты мен «KZ 93 FFA/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы

Тасты ауылының тұрғыны, қимас бауыр, адал жар, асыл ана, жаны жайсаң жан **Пердебекқызы Толқын** бауырымыздың келместің кемесіне мініп, ортамыздан о дүниеге аттанып кете барғанына да қырық күннің жүзі болып қалыпты. Әрдайым бауырмал, жанашыр, кішіпейіл, ақкөңіл мінезімен Толқын бауырымыздың әсем бейнесі біздің мәңгі жадымызда қала бермек. Алланың ісіне амал бар ма?! Толқынымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы өзіне серік болсын деп, жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.



Қырық күн өтті мінекей, күндер зулап, Сені іздейміз еріксіз күнде тулап. Басымызға салса тағдыр амал барма? Қоямыз ғой тек қана жылап, жылап. Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып - деп, Пердебекқызы Толқынның рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, ауыл-аймақ, көрші-қолаң, замандас достарының есіне саламыз.

Ас – 19 сәуір күні (18 сәуір – қонақ асы) Тасты ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: жолдасы, ұл-қыздары, бауырлары.

Қазіргі заманның ақпараттық қоғамында компьютерлер мен ұялы телефондар балалардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Олардың білім алу мен ойынсауықтың жаңа түрлеріне қолжетімділігін арттыратын мүмкіндіктері зор болғанымен, ұзақ уақыт бойы қолданылуы бала денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін.

Қазіргі заманның ақпараттық қоғамында ересектерге қарағанда әлдеқайда сезімтал болғандықтан, олардың көздерін қорғау маңызды. Физикалық белсенділіктің төмендеуі Компьютер мен ұялы телефондар балаларды ұзақ уақыт отырған күйде болуға мәжбүр етеді. Ойындар мен әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетін балалар физикалық

жейді, бұл ұйқының сапасын төмендетеді. Ұйқының бұзылуы балаларда зейін қою, оқу мен есте сақтау қабілетінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, бала ұйықтаудан бұрын экранға көп уақыт жұмсаған жағдайда, ұйқының ұзақтығы мен сапасы нашарлайды, бұл жалпы денсаулыққа да әсер етеді.

Бала денсаулығына компьютер және ұялы телефондардың кері әсері

Көз денсаулығына кері әсері. Компьютер мен ұялы телефонның экраны көздерге күшті жүктеме түсіреді. Балалардың көзі әлі дамып келе жатқандықтан, ұзақ уақыт экранға қарап, олардың көру қабілеті бұзылуы мүмкін. Бұл экраннан шығатын көк жарықтың әсерінен көздің құрғауы, қышуы, бас ауруы және көрудің нашарлауы орын алады. Мұндай белгілер “экрандық көз синдромы” деп аталады, ол компьютер мен ұялы телефонды ұзақ уақыт қолданудың нәтижесінде пайда болады. Сондай-ақ, балалар

белсенділіктен шектеліп, артық салмақ жинауы мүмкін. Бұл жағдай артық салмақтың, семіздіктің, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары аурулары мен диабеттің қаупін арттырады. Балалардың физикалық белсенділігі мен денсаулығын сақтау үшін оларды көбірек қимылдап, далада ойнауға ынталандыру өте маңызды. Ұйқының бұзылуы. Кешкі уақыттағы экран алдында отыру балалардың ұйқысына теріс әсер етеді. Ұялы телефондар мен компьютерлерден шығатын көк жарық мелатонин гормонының бөлінуін те

Компьютер мен ұялы телефондардың бала денсаулығына теріс әсері олардың дұрыс қолданылмаған жағдайда байқалады. Бұл әсерлердің алдын алу үшін, ата-аналар мен мұғалімдер балалардың экран алдында өткізу уақытын шектеу, денсаулықтарын сақтауға бағытталған физикалық белсенділікті ынталандыру, сондай-ақ әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектесуі керек.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының
басшысы.

Газ баллондардан сақ болыңыздар!

Тұрмыстық газ (пропан) өрт немесе жарылыстың пайда болуына маңызды қауіп-қатер тудыратыны барлығымызға мәлім. Газды қолданумен байланысты өрттердің баршасы баллондарды немесе газ плиталарды дұрыс емес пайдаланғандықтан туындайды. Қазіргі таңда біздің ауданымыздың елді мекендерінде газ баллондарын жүзеге асырушы фирмалар, негізінде, газ плиталарына техникалық қызмет көрсетпейді және оларды орнатпайды, тек газ баллондарын сатумен ғана айналысады. Сондықтан пәтерлерде газ плиталар мен баллондарды дұрыс пайдалану үшін жауапкершілік үй иелеріне жүктеледі. Газ баллондарын орнату және газ плиталарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің мына ережелерін қатаң сақтау керек. Газ баллонды сатып алғанның өзінде, газ баллонның клапанының өткізбеушілігі мен тығыздауыш резеңке сақинасының жағдайы тексерілуі керек, бұны газ баллондарын жүзеге асырушы фирманың қызметкері істеуі тиіс.

Сондай-ақ, газ баллонының пісірілген жерінің тұтастығын көзбен шолып тексеру керек. Газ баллонына плита редукторын орнатқаннан кейін редуктор клапанын ашу қажет, сонымен бірге плитаның шүмектері жабық қалпында болуы тиіс. Осыдан кейін сабынның көпіршігі көмегімен газ баллоны мен плитаның резеңке майтүтігі жалғасқан жерде редуктордың өткізбеушілігін (герметикалығын) тексеру керек. Жалғасқан жерде саңылаулар болса, сабынды көбікте көпіршіктер пайда болады, тап осы жағдайда редуктордың жағдайын тексеру керек, баллонның тығыздағыш резеңке сақинасының тұтастығына тағы бір рет көз жеткізу қажет. Кез келген жағдайда жалғасқан жерлерде өткізушілік болғанда, газ плитасымен қолдануға тыйым салынады. Сондай-ақ, резеңке түтіктің тұтастығын көзбен шолып тексеру қажет. Редуктордың өткізбеушілігін тексеру үшін ашық отты қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Дәл осылай газ плитасындағы газ түтіктерінің өткізбеушілігін кей-кейде тексеру қажет. Газ плитасымен қолданған кезде: жалғасқан жерлердің өткізбеушілігін тексерусіз газ плитасымен қолдануға; газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз; балаларға плитаны қолдануға жол бермеңіздер; плитада жанғыш сұйықтықтарды жылытуға тыйым салынады. Егер Сіз болмай қалғанда, плитадағы от сөніп қалса, сақ болыңыз, темірпеш қақпағында тағамның қайнағандығынан газ баллоннан бөлмеге шығып кетуі мүмкін екендігін есте сақтаңыз. Бөлмеде газды-ауалы қоспа пайда болуы мүмкін, осы жағдайда кез келген от немесе ұшқын өртке әкеп соқтыруы мүмкін.

Газ баллонының тұтануы пайда болған кезде тыныштық сақтау керек және газ баллонының жарылысы тек баллонға сырттан түскен жоғары температура әсерінен ғана болуы мүмкін екендігін есте сақтаңыздар. Тұтануды өшіру үшін баллонды дымқыл матамен нықтап жабу керек. Егер баллонды өшіре алмасаңдар, жанып жатқан баллонды пәтерден шығару керек және 101 телефоны бойынша өрт қызметін шақыру қажет. Тұрмыстық газды дұрыс емес пайдалану өрттерге, күйіктерге және т.б. салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екендігін тағы бір рет естеріңізге саламыз. Өзіңізді өрттің қауіп-қатеріне душар етпеңіз! Әрдайым өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтаңыздар!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары мен қонақтары газ баллонды пайдалану кезінде көрсетілген қауіпсіз ережелерді қатаң сақтаңыздар.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.
М.ҚОЖАХМЕТОВ,
бөлім бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі.

«БЖЗҚ» АҚ көрсететін қызметтердің тиімділігі мен қолжетімділігі жоғары деңгейде

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) халықпен қарым-қатынас деңгейін жақсарту мақсатында заманауи технологиялар мен сандық шешімдерді көптеп енгізуде. 2025 жылдың қаңтар айында халыққа шамамен 10,6 млн қызмет көрсетілді. Жыл басынан бері көрсетілген қызметтердің жалпы санынан 2,3 млн астамы электрондық форматта, 8,1 млн. қызмет автоматты түрде көрсетілген. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы көрсетілген қызметтер санының 99,1% тең болды. Күндізгі форматта шамамен 98,0 мың қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қордың кеңселерінде 95,4 мың қызмет жүзеге асырылған.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, “Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі.

Есепті кезең ішінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (“Ұлттық қор—балаларға” бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 404,5 жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 2,8 млн үзінді көшірме берілді.

«Созақ үні»-ақпарат.



жақсы қасиетінің бірі он саусағынан өнердің түрлері тамған шеберлігі еді. Ағаштан ою-ойып, темірден түйін түйетін. Бұйым жасайтын ағаштарды асықпай жүріп таңдап, кесіп, көлеңкеге әкеліп, реттеп мынау қасыққа пен ожауға, мынау ерге, мынау шалғы сапқа, кетпен сапқа деп тегіштеп қояды. Енді бірін астау толы суға салып, ұзын темірге керіп тартып, жіппен шандып тастайтын. Сонда ағаш саптар түп-

КЕТІК ҚАСЫҚ

Ашаршылық пен жоқшылықтың ізі жыл өткен сайын санадан өшіп жоғала берді. Жақсылықты күндер көбейді. Ел тойынды. Елу жылда ел жаңарды. Сол жеті жұттың бір-екеуін көрген Арқабай қария ертелі-кеш тәубесіне келіп, шүкіршілігін айтып отырады. Кейде әлгі заманды ойласа тағы да бір айналып соғардай есі кете орнынан өре тұрып әулі ішінен әлденені іздегендей күйбеңдеп кететіні бар. Кемпірінің кеткеніне де жылға жуықтады. Балалар таң алакеуім атқаннан күн батқанша совхоз жұмысында, немерелер болса балабақшасында болады. Бұл үй тек кешкісін ғана бақытты күлкінің базарына айналады.

Келіндер аталары үшін апта сайын көже пісіреді. Бір қазан көже бүкіл үйдің мүшелеріне жетеді. Балалар да мәз. Кеспесін қолмен илеп, жайып, кесіп салады. Дастарханға бір тостақ көжемен бірге атасының сыры да кеткен, сыны да кеткен ағаш қасығы бірге келеді. Үйдегілердің бәрінде темір қасық, тек аталары Арқабай қартқа ғана тиесілі осы кетік ағаш қасық.

Бұл қасықты бала күнінде әкесі Байөсер жиде ағашынан ойып жасаған екен. Арқабай, Қамқабай, Алқабай деген үш баласына да бөліп жармай бірдей етіп осындай қасықтарды жасайды. Арқабай көкпар, ойын-сауықпен ел-елді, ауыл-ауылды аралап жүргенде қасығын ақ орамалға түйіп, қалтасына салып жүретін. Ол уақытта байбағланның үйлері болмаса, кедей-орташада бас-басына қасық қайдан болсын. Дәу ағаш тостақты ортаға қойып кезектесіп ішетін заман ғой.

Аштықты жылдары сырлы қасықтың апталап асқа салынбайтын да кездері де болатын. Ондай кездерде Арқабайды ашу қысып қасықты лақтырып жібергісі келетін. Бұл қасықтың жасы Арқабайдан кемі алты жеті жас кіші. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Арқабай да ел қатарлы майданға аттанды. Әйгілі Брест қамалын

Өмірдің өзі

қорғауға қатысты. Сонда осы қасығы төс қалтасында болатын. Ауылдан келген хаттарда «Арқабайжан қарның тоқ па?» деген жолдарды оқығанда шінелінің сыртынан қасық салынған қалтасын бір сипап қоятын. Бір күні орман шетіндегі дөревяны жаудан тазарту үшін кескілескен шайқас болды. Жаудың күші басым, енді әлсірей берсе, немістер жағына құйылып әскер қосылады, техника қосылады, әуеден де атқылап жатыр. Совет солдаттары өліспей беріспейтінін білдіріп жаны қиылса да адым шегінбек емес. Ақыры әрбір қора, әрбір көше, әрбір үй ішін қолма қол төбелес басталды. Арпалысып жүргенде аяқ астынан тап болған фашистің бірі қанжарын сілтеп қалғанда жүрек тұсындағы ағаш қасыққа тиеді. Жалаңдаған қанжардың ұшы жиде ағашы, оның үстіне пәленбай жыл сартап болып пісіп, кепкен қасықтың ернеуіне ғана шамасы келеді. Қасықтағы сол неміс қанжары тиген кетік соғыс салған жараның ізі еді. Соғыстың адам түгілі, жан-жануар түгілі қасыққа да зауалы тиген екен ғой.

Бұл үйге келген келіндер алғаш келін болып түскеннен бірінші осы кетік қасыққа өш. Үлкені де, одан екіншісі де солай болды. Кейінгі кенже келін де біраз жайғасыңқырап, үйренісіңкіреп алған соң бірде «әбден тозығы жетіпті» деп қоқысқа салмақшы болыпты. Бұл жайды көріп қалған үлкен келін:

- Маржан бұл атамның қасығы. Атаңды аш қалдырғың келмесе бұл қасыққа тиіспе!-деп безек қағады. Балалар үйдің түбінен жаңа тамның құрылысын бастаған еді. Біраз жерін ауыл болып асарлапты қалап тастаған. Төбесі де жабылды. Енді бір әуір десе біткелі тұр. Совхоз басшыларына да рахмет! Техникадан қол ұшын берді.

-Әкем жарықтықтың

түзу, теп-тегіс болып шығады. Оны оқтауға да пайдаланатын. Қашау, сүргі, біз, бәкі сияқты қажетті құрал саймандары қаз қатар ілулі тұратын. Сол заттарды алма-кезек пайдаланған сәттен бастап, қу ағашқа жан бітіп, сағаттар, күндер өткен сайын біртіндеп әлгі ағаштан адам таңқаларлық керемет дүниелер өмірге келетін. Сол әкемнің жақсы қасиеттері маған дарымады. Мүмкін сендерге, сендердің ұрпақтарыңа, немере-шөбере, шөпшектеріме қонатын шығар. Қара шаңырақтан қасиетті өнердің киесі ұзап кетпейді дейтін еді бұрынғылар,-деп Арқабай қария үмітін үзбей, үкілеп отыратын.

Шүлен көже, быламық, тары көже, жүгері көже, кеспе көже, наурыз көже, қара көже сияқты талай көженің дәмін көрген атамның кетік қасығы қасиетті қара шаңырақтың киесі, құнды бір мұрасы, жақсылық пен жеңістің, молшылық пен ырыстың символы сияқты көптеген алтын, күміс, темір қасықтардың ішінен бөлекшеленіп менмендалап көрінеді. Арқабай жәкемнің өзі кеткенімен көзі болған кетік қасыққа кім ие болады екен?

Айтқандай өткен жолы теледидарды қосып, жаңалық тыңдайын деп отырса, бір хабар болып жатыр екен. Бір жалаң бас, жалаң аяқ бір әйел жұртты жиып, сабақ өтіп жатыр. «Баудың жолы» деген. Үйдегі сынған, ескі заман талабынан қалыс қалған, былайша «немодный» заттарды қоқысқа тастаңдар. Сендердің жолдарыңды бөге байлыққа жетулеріңе кедергі болып жатыр. Жаңа үйге кірдің бе, жаңа зат, жаңа жиһаз, жаңа киім, жаңа дүниемен кір! Ескінің көзін құрт, өрте, қоқысқа таста!-деп тұр. Сол сәтте Арқабай қарияның бұл жолы шыншыл кеткендей болды. Бұл үйдегі ескі зат Арқабай қарттың өзі мен оның кетік қасығы ғана ғой деген жаман ой сумаң өте қалды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Хабарландыру!

Құрметті аудан тұрғындары!

11 сәуір 2025 жылы таңертеңгі сағат 9.00-де аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы музейде Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері, сазгер, өнертанушы Якуда Амандықовтың туғанына 90 жыл толуына орай арнайы бұрыш ашылып, «Тұлға тағылымы» атты еске алу шарасы өтеді. Сағат 10-00 де «Мыңжылқы» Мәдениет сарайында «Қаратауым» атты аудандық әншілер байқауы басталады.

Ұйымдастырушылар алқасы.



Батырдың қылышын тапсырды

Парламент Мәжілісінің депутаттары Ардақ Назаров пен Айдарбек Қожаназаров Ұлттық музей қорына Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлының қылышын тапсырды. Тарихи жәдігерді музей директорының міндетін атқарушы Берік Әбдіғалиұлы салтанатты рәсіммен қабылдап алды.

«Ұлттық музейдің негізгі миссиясы – тарихи жәдігерлерді жинау, толықтыру, халыққа жеткізу, сақтау. Жанашыр азаматтардың қолдауымен сыртқа кеткен құнды жәдігерлерді елге қайтару, халықпен табыстыру жұмысы музейде жолға қойылған. Бізде біраз сондай заттар бар. Алда олар жайлы сыр шертетін жинақ шығарамыз. Өз қаражатымен музей қорын толықтыруға үлес қосқан азаматтардың тізімін, былайша айтқанда, «Алтын кітабын» дайындауды бастадық», деді Берік Әбдіғалиұлы.

Айта кетейік, батырдың қылышы-XIX ғасырға тиесілі жәдігер. Ардақ Назаров Жанқожа батырдың елдік жолындағы ерлігіне тоқталып, қылыштың тарихын айтып берді. Оның айтуынша, жәдігер украиналық іздеуші мамандардың қолына түскен. Олар кейін мұны Ресейге жіберген. Арнайы сараптанаман өткен соң Қазақстан азаматтарына табысталған. Жәдігердің екі жағында арабша жазу бар. Бірінде «Жанқожа Нұрмұхамедұлы баһадүрге саурут (сыйлық)», екіншісінде «Созақ, 1845 жыл» деп жазылған.

«1845 жылы Кенесары хан бастаған қазақтың батырлары Созақты қоқандық басқыншылардан азат еткен кезде қылышты Кенесары сыйлаған деп айтылады. Өйткені бұл шайқас кезінде Жанқожа батыр әскерімен ерекше ерлік көрсетті», - деді А.Назаров.

Сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жыршы Алмас Алматов батыр туралы тарихи деректерді сөйлетіп, эпостық жырлардан мысал келтірді.

«Жанқожа Нұрмұхамедұлының тарихтағы орны, ұлт-азаттық көтерілістің басшысы болғаны жөнінде өте кең мағлұматтар соңғы уақытта зерттеліп жатыр. Бірақ жеке басына тиесілі жәдігерлер туралы дерек аз еді. Батырды оққа байлаған кезде әуелі атын алып кетеді. Одан кейін қару-жарағы алынады. Қылышы да олжаға кетіп, әрі қарай Ресей асып, енді елімізге оралып отыр. Соған қолұшын берген азаматтарға көптен-көп рахмет!»-деді ол.

«Егемен Қазақстан» газетінен Бұл жәдігерлікті Ұлттық музей мамандары әрі қарай зерттей түседі деп сенеміз.

Маржан ӘБІШ,
«Егемен Қазақстан» 4 ақпан 2025 жыл №22.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.